

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
Философия және саясаттану факультеті  
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде

**БЕКІТІЛДІ**

« 03 » 09 2021 ж., хаттама № 1

Факультеттің деканы \_\_\_\_\_ Мейрбаев Б.Б

**VPP 1203 - « Педагогикалық мамандыққа кіріспе»**  
**BDVK 1203 - « Педагогикалық мамандыққа кіріспе»**  
пәні бойынша

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Көктемгі семестр, 2021-2022 оқу жылы

Курс – 1  
Семестр – 2  
Кредит саны – 5

Алматы, 2021

---

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы Рамазанова С.А.

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Әлқожаева Н.С.

«\_01\_»\_09\_\_\_\_\_2021 ж., хаттама №\_1\_

Факультеттің әдістемелік кеңес төрайымы

«\_02\_»\_09\_\_\_\_\_2021 ж., хаттама №\_1\_ \_\_\_\_\_ Құдайбергенова Ә.М.

\

## Алғы сөз

### « Педагогикалық мамандыққа кіріспе» пәні бойынша емтихан бағдарламасы

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – *жазбаша (offline)*. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәкес, жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында *offline* режимінде өтеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

#### Оқыту нәтижелері:

Курсты оқу нәтижесі бойынша студент қабілетті болады:

- студенттердің « Педагогикалық мамандыққа кіріспе» пәнінің педагогика ғылымының әдіснамалық негізіне сүйене отырып, мұғалім мамандығының ерекшеліктерін, қоғамда алатын орны мен маңызын және өзіндік қажеттілігін анықтайды, сонымен бірге тұлғааралық қарым-қатынасты реттеуге көмектеседі.
- оқыту мен тәрбие процесінде мұғалімнің өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдіруге бағыт береді.
- педагогикалық мамандықтың қоғамдағы ролін айқындау; болашақ ұстаздың бойында педагогикалық қабілеттерді қалыптастыруға ықпал ету.
- жалпы және кәсіби мәдениетін қалыптастыруға бағыт-бағдар беру;
- Егеменді Қазақстандағы оқу – тәрбие мекемелерінің бағдарларын әдебиеттерді зерттеу арқылы меңгеру.
- педагогиканың ғылым ретінде қалыптасып, дамуы және негізгі кезеңдері; педагогика ғылымының өзекті мәселелерін меңгеру.
- болашақ маман иелерінің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің негізін қалыптастыру, қазіргі педагогика ғылымының теориялық негіздерін игеруге және оларды кәсіби міндеттерін шешуге байланысты шығармашылық дайындығын қалыптастыру.

#### Емтиханды өткізу формасы:

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Емтиханның ұзақтығы *2сағатты* құрайды.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ ([univer.kaznu.kz](http://univer.kaznu.kz)) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

*Бірінші блокқа* оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

*Екінші блокқа* ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

*Үшінші блокқа* ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

**Тапсыру күні мен уақыты:** *емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады*

**Емтихан уақыты:** 2 сағат

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – **жазбаша.**

Жазылған емтихан нәтижелері 100-баллды жүйеде **Univer жүйесінде** бағаланады

### Дайындалуға арналған тақырыптар:

- 1 тақырып. Жоғары кәсіптік білім берудің заңнамалық негіздері.
- 2 тақырып. Педагог мамандығының жалпы сипаттамасы.
- 3 тақырып. Педагогтың кәсіби іс-әрекеті және оның тұлғасы.
- 4 тақырып. Педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы мен ерекшелігі. Психологиялық тұрғыдағы мұғалім қызметінің мәні.
- 5 тақырып. Білім беруді дамытудың негізгі бағыттары.
- 6 тақырып. Педагогтың кәсіби компонентілігі (құзіреттілігі).
- 7 тақырып. Педагогикалық іс-әрекет негізі- қарым-қатынас. Қарым-қатынас құрылымы мен функциялары.
- 8 тақырып. Педагогикалық техниканың коммуникацияда алатын орны.
- 9 тақырып. Педагогикалық такт, педагогикалық әдеп.
- 10 тақырып. Педагогтың ұстаздық мәдениеті. Педагогикалық деонтология.
- 11 тақырып. Жаңа формациядағы ұстаз келбеті.
- 12 тақырып. Педагогтың кәсіби әлеуеті мен профессиограммасы.
- 13 тақырып. Педагогтың кәсіби біліктілігінің маңыздылығы.
- 14 тақырып. Педагогтың кәсіби шыңдалуы.
- 15 тақырып. Жоғары білімді маманның негізгі дағдысы- өзін-өзі білімдендіру.

### Емтиханға дайындалуға арналған әдебиеттер тізімі

#### Негізгі әдебиеттер:

1. Әлқожаева Н.С. Педагогика (оқу құралы)-Алматы, 2016.
2. Абильдина С.К. Педагогикалық мамандыққа кіріспе: оқулық- Алматы: Эпиграф,2017. – 228бет.
3. Успенский В.Б., Чернявская А.П. Введение в психолого-педагогическую деятельность: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений.— М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003.- 176 с.
4. Практическая психология образования / Под ред. И.В. Дубровиной. – СПб.: Питер, 2004. – 592 с.
5. Введение в психолого-педагогическую деятельность. – М., 2009. – 310 с.
6. Карандашев В.Н. Психология. Введение в профессию: /В.Н.Карандашев.-3-е изд.,стереотип.-М.:Академия:Смысл, 2005.-382с.
7. Никитина Н.Н. Основы профессионально-педагогической деятельности. – М., 2002. – 288 с.
8. Кондратьев М.Ю., Ильин В.А. Азбука социального психолога-практика. М. 2007.

#### Қосымша ұсынылатын әдебиеттер:

1. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка в системе педагогического образования. М., 1999
2. Педагогика-психология мамандығына арналған мемлекеттік білімдендіру стандарты Астана,2004
3. Лобанов А.А. Основы профессионально-педагогического общения. - М.: Академия, 2002. - 192 с.

**Емтиханға дайындығын бағалау, оқытунәтижесі: Баға қою өлшемдері.**

Балл	Жауап мазмұны
------	---------------

<p>95-100 (A) 90-94 (A-) <b>Өте жақсы</b></p>	<p>1.Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған. 2. Жауаптың мазмұны өзін-өзі тану туралы дұрыс мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. 3.1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. 4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.</p>
<p>85-89 (B+) 80-84 (B) 75-79 (B-) 70-74 (C+) <b>Жақсы</b></p>	<p>1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді. 2. Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар. 3. Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған. 4.1-2 блок жауаптары теориялық материалды 80% игергендігін білдіреді.</p>
<p>65-69 (C) 60-64 (C-) 55-59 (D+) 50-54 (D) <b>(Қанағаттанарлық)</b></p>	<p>1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған. 2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған. 3. Жауаптары қысқа, қосымша жүйелілікті , ақпараттың қисындылығын талап етеді.</p>
<p>25-49 (FX) 0-24 (F) <b>(Қанағаттанарлықсыз)</b></p>	<p>1. Емтихан сұрақтары бағдарламаға сәйкес емес. Жұмыс мүлде орындалмаған, теориялық қателер кездеседі. 2. Практикалық жауап мүлде жоқ. 3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.</p>